

Қ.Е. Тауенов *

*«Әлеуметтану» мамандығының 3 курс докторанты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАРТТАР ҮЙІНДЕ ЕГДЕ ЖАСЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ СӘТТІ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақала қарт адамдардың өздері үшін жаңа жағдайларға сәтті бейімделуінің факторы ретіндегі қарттар үйіндегі әлеуметтік қызмет көрсету мәселесін зерттеуге арналған. Бүгінгі таңда қарттар мен мүгедектердің құқықтарын қорғау саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілер қаралды. Қарттар үйін тұрғылықты мекен еткен қарттардың өмір сүру жағдайы мен оларға көрсетілетін әлеуметтік қызметтің олардың әлеуметтік-экономикалық және психологиялық бейімделуіне ықпалы ғылыми мақаланың зерттеу пәні болып табылады. Алған қойған мақсатымыз болашақта әлеуметтік қызмет сапасын жақсарту, егде жасындағы адамдардың әлеуметтік бейімделу жағдайларын жеңілдету мақсатында, жалпы қарт адамдардың әлеуметтік қорғалуына қатысты заңнаманы толықтыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Сол арқылы егде жасындағы адамдардың әлеуметтік үйлерге бейімделу мүмкіндіктерін арттыру.

Түйін сөздер: қарт адамдар, әлеуметтік бейімделу, қарттар үйі, «Белсенді ұзақ өмір».

*Тауенов К.Е. **

*докторант 3 курса специальности «Социология»
Казахский национальный педагогический университет им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

СОЦИАЛЬНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ КАК ФАКТОР УСПЕШНОЙ АДАПТАЦИИ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ В ДОМАХ ПРЕСТАРЕЛЫХ

Аннотация

Статья посвящена изучению вопроса социального обслуживания в домах престарелых как фактора успешной адаптации людей пожилого возраста в новых для себя условиях. Рассмотрены основные на сегодняшний день нормативно-правовые акты в сфере защиты прав пожилых людей и инвалидов. Предметом исследования научной статьи являются условия жизни пожилых людей, проживающих в домах престарелых, и влияние предоставляемых им социальных услуг на их социально-экономическую и психологическую адаптацию. В целях улучшения качества социальных услуг в будущем, облегчения условий социальной адаптации лиц пожилого возраста, выработать предложения по дополнению законодательства, касающегося социальной защиты пожилых людей в целом. Тем самым повышая возможности адаптации пожилых людей к социальным домам.

Ключевые слова: пожилые люди, социальная адаптация, дом престарелых, «Активное долголетие».

*К.Е. Тауенов **

*3rd year doctoral student of the specialty «Sociology»
Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

SOCIAL SERVICES AS A FACTOR OF SUCCESSFUL ADAPTATION OF ELDERLY PEOPLE IN NURSING HOMES

Abstract

The article is devoted to studying the issue of social services in nursing homes as a factor of successful adaptation of elderly people in new conditions. The main legal acts in the field of protection of the rights of the elderly and disabled people are considered today. The subject of the research is the living conditions of elderly

people living in nursing homes, and the impact of social services provided to them on their socio-economic and psychological adaptation. In order to improve the quality of social services in the future, to facilitate the social adaptation of the elderly, to develop proposals to Supplement the legislation on social protection of the elderly in General. Thereby increasing the ability of older people to adapt to social homes.

Keywords: elderly people, social adaptation, nursing home, "Active longevity".

Кіріспе.

Егде жасындағы адамдар қоғамның аз қорғалған санатына жатады. Олар мемлекет тарапынан көрсетілетін тиімді әлеуметтік көмекке мұқтаж. Әлеуметтік саясат қарттарды қорғауға бағытталған кең ауқымды бағдарлама болып табылады. Мемлекеттегі әлеуметтік институттардың қызметінің нәтижесінде егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы тиісті деңгейде қамтамасыз етіледі.

Әлемде адамның өмір сүру ұзақтығының артуы жаһандық үдеріске айналып, жер шарының түпкір-түпкіріне жетуде. Қазақстан Республикасында да зейнеткерлік жасқа жетіп, қызметтік демалысқа шыққан егде жастағы адамдардың саны жалпы халықтың 11 пайызын құрап отыр. Сонымен қоса елімізде 2019 жылдың қорытындысы бойынша 38 мың қария арнайы әлеуметтік көмекті бюджет есебінен үйде алуда. Ол шамамен ел территориясында өмір сүріп жатқан қариялардың 1,2 пайызын құрауда.

Қарт адамдар мен мүгедектерге арналған мекемелердегі әлеуметтік көмек түрлеріне күндізгі бөлімшелерде көмек көрсету, уақытша келушілерге көмек көрсету, жоғарыда аталып кеткен үйге келіп көмек көрсету және стационарлық мекемелерде әлеуметтік қолдау көрсету кіреді. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ақпаратына сәйкес ел аумағында 113 медициналық-әлеуметтік мекемелер қызмет атқаруда, олардың қатарында 178 адамды әлеуметтік көмекпен қамтыған 4 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, 1708 психологиялық паталогиясы бар балаларға көмек көрсететін 16 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, 8364 адамды қамтыған жалпы үлгідегі қарттар мен мүгедектерге арналған 45 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, 14160 адамға әлеуметтік көмек көрсетіп жатқан 48 психоневрологиялық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бар.

Қарттар үйін тұрғылықты мекен еткен егде жасындағы адамдардың өмір сүру жағдайы мен оларға көрсетілетін әлеуметтік қызметтің олардың әлеуметтік-экономикалық және психологиялық бейімделуіне ықпалы ғылыми мақаланың зерттеу пәні болып табылады. Алған қойған мақсатымыз болашақта әлеуметтік қызмет сапасын жақсарту, егде жасындағы адамдардың әлеуметтік бейімделу жағдайларын жеңілдету мақсатында, жалпы қарт адамдардың әлеуметтік қорғалуына қатысты заңнаманы толықтыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Сол арқылы егде жасындағы адамдардың әлеуметтік үйлерге бейімделу мүмкіндіктерін арттыру.

Әдіснама.

Бұл зерттеу жұмысындағы мәліметтер Республикамыздың әлеуметтік қызмет саласын реттеуге арналған нормативтік құжаттарын зерделеу арқылы алынды. Әлеуметтану, психология және геронтология ғылымы салаларында қарттардың күтіміне байланысты ғылыми мақалалар мәліметтері салыстырмалы түрде қарастырылып, қарттар үйі қабырғасында егде жастағы адамдардың бейімделу мүмкіндіктерінің әлеуметтік қызметкер біліктілігіне байланыстылығы анықталды. Шетелдік басылымдар мен қарттар күтіміне қатысты даярланған есептер мәліметтері әлеуметтік қызмет саласын жетілдіруге қатысты ұсыныстарды даярлауда негіз болды.

Нәтижелерді талдау.

Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Әлеуметтік қызмет көрсетудің Үлгілік Ережелерін бекіту туралы бұйрығында «Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік ұйымдарда әлеуметтік қызмет көрсетудің» үлгілік ережесі бекітілген болатын. Ол ережеге сәйкес «МӘҰ денсаулығының жай-күйі бойынша басқа адамның тұрақты күтіміне және медициналық көмекке мұқтаж қарттар мен бірінші, екінші топтағы мүгедектердің (бұдан әрі - қамқорлықтағы адамдар) уақытша немесе тұрақты тұруына арналады», - деген анықтама берілген. Сонымен қоса, МӘҰ-ның негізгі міндеттері қамқорлықтағы адамдарға үй жағдайларына жақындатылған жағдайлар туғызу, оларға әлеуметтік қызметтер көрсетудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес әлеуметтік қызметтер көрсету және оналту іс-шараларын жүргізу» [1], болып табылатындығы ерекше аталып өткен.

Медициналық-әлеуметтік мекемелер санатына жататын әлеуметтік үйлер (қарттар үйі) азаматтарға өз мекеме қабырғасында төмендегідей қызметтер көрсетеді:

– Егде жастағы адамдарды мекемеге уәкілетті орган бекіткен ережеге сәйкес қабылдау және орналастыру, олардың жаңа ортаға және мекеме ұжымына бейімделуіне белсенді жәрдемдесу, тұратын бөлмелерінде үй тұрмысына жақын жағдай жасау;

– Бекітілген нормаларға сәйкес қарт адамдарға қажетті тұрғылықты бөлме беру, оны қажетті жиһазбен, жеке гигиеналық заттармен қамтамасыз ету және т.с.с.;

– Егде жасындағы адамдардың жасы мен денсаулық жағдайын ескере отырып тамақтандыруды ұйымдастыру;

– Ережеде бекітілген тәртіпке сәйкес егде жасындағы адамдарға күтім жасау, бөлмелерін тазалау, киім-кешектерін жуу, төсек-орын жабдықтарын ауыстыру және т.с.с.;

– Егде жасындағы адамдарға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, қажет болған жағдайда ауруханамен байланыста болу (ол үшін талаптарға сәйкес қарттар үйі ауруханаға жақын орналасуы қажет);

– Жасына байланысты әртүрлі физикалық ақаулары бар адамдарға әлеуметтік органдармен бірлесе отырып көмек көрсету (стоматологтың қабылдауынан кейін тіс протезын жасау, офтальмологтың қабылдауынан кейін көзілдірік жасау, протезді бұйымдар және мүгедектерге қажетті арбаларға тапсырыс беру және т.с.с.);

– Егде адамдардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мәдени және спорттық ұйымдармен, білім беру мекемелерімен бірлесіп олардың бос уақыттарын ұйымдастыру;

– Емдеу-сауықтыру іс шараларын ұйымдастыру;

– Клубтық және үйірмелік қызметті ұйымдастыру;

– Психологиялық көмек көрсету және т.б.

Қарттарға медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР 2013 жылғы 21 маусымдағы №105–V Заңына [2], «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы № 322-VI ҚРЗ» ҚР Заңына [3], «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңына [4], Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығына [5], сәйкес жүзеге асырылады.

Кеңес дәуірінде қарт адамдарға әлеуметтік қызмет көрсетудің негізгі көзі ретінде стационарлық мекемелер, яғни интернат үйлері қарастырылды. Сол уақыттан бері қалыптасқан әлеуметтік үйлерде жалғызбасты қарттарға, балаларының күтімінен қалыс қалған қарттарға немесе өз қалауымен денсаулығына байланысты интернатта тұрақты тұрып жатқан қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету мәселесі үлкен маңызға ие. Әрине стационарлық тұрғыда қызмет ететін мұндай мекемелердің артықшылығы көп. Олардың қатарында толық мемлекеттік қамсыздандыру, әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, медициналық-әлеуметтік көмек және т.с.с. Дегенмен қай уақытты алмасаңыз да қарттарға арналған мұндай әлеуметтік үйлерге егде жасына жеткен адамдарды тапсыру-қабылдау үлкен психологиялық күйзеліспен байланысты болды. Сондықтан да қарттардың әлеуметтік бейімделу мәселесіне ғылым тарапынан көңіл бөлініп, мемлекеттік органдарға тиісті ұсыныстар беру басты мақсат.

Медициналық-әлеуметтік мекемеге жаңадан түскен қарт адамның психологиялық күйзелісін жеңіп шығу үшін, жаңа ортада оны қабылдау мен әлеуметтік қамқорлық көрсету ерекше орын алады. Әлеуметтік қызмет көрсету – ол әлеуметтік мекемелер тарапынан халықтың әлсіз қорғалған топтарына және өмірлік қиын жағдайға тап болған кез-келген адамға әртүрлі қызмет пен көмек көрсету. «Бұл мәселе оның көпөлшемдігіне байланысты. Ол медициналық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени мәселелердің тұтас кешені» [6; 52 б.].

Қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге келіп түскен қарттар мен ондағы тұрақты тұрып жатқан егде жастағы адамдардың мекемеге әлеуметтік бейімделуі бірқатар аспектілер бойынша қаралуы керек. Қарттардың әлеуметтік үйлерге келіп түсуінің себебі де егде жасындағы адамның бейімделуіне әсер етуші басты фактор. Онымен қоса, әлеуметтік үйдегі тұру жағдайы, көрсетілетін әлеуметтік көмектің дәрежесі, қызмет ететін медициналық және әлеуметтік қызметкерлердің қатынасы да маңызды. Қарттар үйінде басқару мен қызметі көрсетудің инновациялық технологиялары қарттар мен мүгедектердің жаңа ортаға тез арада үйренісуіне себепші болады.

Әлеуметтік күтім, қызметкерлердің қарым-қатынасы, қарт адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы, тамақтану тәртібі мен рационы, медициналық күтім сапасы мен түрлері, бос уақытты пайдалы әрі жан-жақты ұйымдастыру әлеуметтік бейімделу факторлары. Өнерге бейімі бар адамдарға қажетті үйірмелер

немесе клубтар ашу, қызығушылығы бір адамдарды топтастыру, олардың шығармашылығына қолдау жасау бейімделудің нәтижелі көрсеткіші.

Қарт адамдардың тек физикалық қажеттіліктерін ғана өтемей, рухани дүниесін байытуға да көңіл бөлу керек. Әлеуметтік үй тұрғындары адамдармен қарапайым тілдесуге мұқтаж, сонымен қатар жақындарымен, таныстарымен, көршілерімен, замандастарымен телефон арқылы сөйлесуді немесе жеке кездесуді қажет етеді. Одан бөлек діни тұрғыда қажетті рәсімдерді жасауға жағдай туғызып, олардың діни сеніміне түсіністікпен қарап, толеранттылық таныту керек.

Тамақ сапасы мен оның қарт жасына сай болуы, медициналық ұсыныстарға негізделуі әлеуметтік қызметкерлер қарапынан қатаң сақталуы қажет. Әрине барлық адамның сұраныстары әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен, даярланатын астың сапасы мен ас мазірінің үй тамағына үксас болуы қажет. «Азық-түліктің, әсіресе дәрумендер мен минералдарға қатысты тағамдық құндылығын арттыру қажет, алайда калория мен ақуыздардың жеткілікті мөлшерде тұтынылуын қамтамасыз ету ерекше маңызды міндет болып табылады» [7; 461б.].

Зейнетке шыққаннан кейін адамның өмір салты өзгеріп, оған жаңа жағдайға бейімделуіне тура келеді. Қарттар үйінің тұрғындары тек қана қарттыққа ғана бейімделіп қана қоймай, өздері үшін туындаған жаңа ортаға бейімделу үдерісін бастарынан өткізеді. Қарттардың қарым-қатынас шеңбері тарылып, бос уақыт көлемі артады. Ендігі мақсат ол бос уақытты толыққанды өмір сүруді жалғастыру мақсатында пайдалы және мазмұнды іс-шаралармен толтыру. Осыған байланысты қарттар үйі тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыру мәселесін шешуге әлеуметтік қызметкерлер ерекше ат салысуы керек. Әрине бұл жерде қарт адамдардың белсенді өмір салтын қажетті деңгейде ұстап тұру, сол қарт адамдардың осы үдеріске белсенділік танытуына, оның өз өмір салтын өзгертуге деген талпынысына да байланысты. «Қарт адамның өмір салтына өзін-өзі дамыту (физикалық, зияткерлік, эстетикалық, шығармашылық), қарым-қатынас және күнделікті әлеуметтік қатынастар, күнделікті дүниетанымның бейнелерін қалыптастыру және дамыту, жаңа жағдайда өз бейнесін қалыптастыру, сондай-ақ діни және әлеуметтік салт-дәстүр элементтері кіреді» [8; 151б.]. Әлеуметтік үй қабырғасында түрлі үйірмелер жұмысын жандандыру, сонымен қатар топтық киносеанстар өткізу тұрғындар арасында ауызбіршілікті нығайтады және әрбір қарт адам үшін жалғыздық күйінен арылуға мүмкіндік туғызады.

Қартаю кезеңінде орын алатын басты өзгерістердің бірі – әлеуметтік өзгерістер болғандықтан, ол егде жасындағы адамның өз уақытын алғаш рет өз қалауымен жұмсау мүмкіндігіне ие болған жағдайда басталады. Сондықтан да сондай өзгерістер жүрегінде үрей туғызған шақта, қарт адамдардың бір тобы өз қызметін жалғастыруға бел буады, әлеуметтік өзгеріс үдерісін кейінге шегіндереді. Дегенмен, бұл үздіксіз үдерістер қатарына жататындықтан әлеуметтік өзгеріс кезеңіне алдын-ала дайындалу қажет.

Қартаю шағындағы адамның өмір сапасы көбіне психологиялық факторға тәуелді келеді. Яғни, егде жасындағы адамның өз өмірінде орын алған жағдайларды қалай сезінетіндігі, өз өміріне қарт адамның ықпал ету қабілеттілігі, оны басқара алуы. Халық денсаулығын сақтау мақсатында әлеуметтану, психология және медицина ғылымдарында терең зерттеулер жүргізген ғалымдар тарапынан салауатты қартаю үшін маңызды төрт салаға көңіл бөлу кеңестері берілді. Олардың қатарында: физикалық белсенділік, дұрыс тамақтану, қоғамдық қарым-қатынас және қажеттілік сезімі. Әр адам өзінің қарттық кезеңін жас кезінен бастап ойлау қажет. Өйткені, ол кәрілікте орын алатын үдерістерге әсер етеді. Шылымға әуестену, тамақтану рационын сақтамау, күйзелістерге жиі тап болу, физикалық белсенділік танытпау, ішімдік пен нашакорлық қартайған шақта денсаулыққа ықпал етеді.

Денсаулығын қалыпты жағдайда ұстауға басты назар аударатын қарттар (мүмкіндігі бар) үшін жаттықтыру залдарын ұйымдастыру әлеуметтік көмек көрсетуге негізделген қызметтің ерекше түрі. Жалпы алғанда, қарттардың тұрмыс-тіршілігіне әлеуметтік, медициналық қызметкерлер тарапынан жұмыс түріндей қарамай, шын ықыласпен көмек көрсету сәтті бейімделудің кепілі.

Қарттарға медициналық-әлеуметтік көрсету қызметін ұйымдастыру - қарт адамдарға қауіпсіздік жағдайында толыққанды және тәуелсіз өмір сүруге жағдай жасаумен байланысты. Сонымен бірге, егде жасындағы адам әлеуметтік ортадан тысқары қалмай, қоғам мүшелерімен қарым-қатынас орнатып, түгелдей іс-шараларға қатысуға мүмкіндік алуы қажет. Осы шараларды іске асыру әрине қаражатпен қамтамасыз етуге байланысты. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңының 4 бабының 2.1 тармағына сәйкес «Жасы бойынша зейнетақы төлемдерін және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы жоқ адамдарды қоспағанда, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы алушы медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұрған кезеңіне тоқтатыла тұрады». Заңның 21 бабының 2-1 тармағында: «Медициналық-

әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға жасы бойынша зейнетақы төлемдері:осы Заңның 15-бабына сәйкес есептелген жасы бойынша зейнетақы төлемдері мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес көлемде төленеді.Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын аудару жеке банктік шотқа немесе медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына жүргізіледі. Медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін орталық атқарушы орган айқындайды», делінген. Яғни медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметі онда тұрғылықты тұрып жатқан егде жасындағы адамдардың қаражаты есебінен де жүргізіледі. Сондықтан ол мекемелерде көрсетілетін қызмет сапасы мен әртүрлілігі жоғары деңгейде болуы тиіс.

COVID-19 әсерінен туындаған әлеуметтік оқшаулау барлық қарттар үйлерінде біліктілігі жоғары әлеуметтік қызметкерлер тапшылығын байқатты. Республикамыздың ақпараттық агенттіктері баяндаған ахуалға сәйкес қарттар үйі тұрғындарының бұл ауру түрі алдында қорғансыз екендігі баршаға мәлім болды. Бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналған пандемия кесірі әлеуметтік қызметтерді ұсыну мүмкіндігін тарылтты. Қарт адамдарды жаңа өмірге бейімдеумен қатар ендігі жағдайда әлеуметтік қызметкерлер тұрғындардың қауіпсіздігін де ойлау қажет. Бұл әлеуметтік қызметкерлер мен жалпы қарттар үйі ұжымының алдына жауапты міндеттер қоюда.

Күйзеліс пен қорқыныш жайлаған қоғамда әрбір адам өзінің денсаулық жағдайын ойлаумен қатар, жақындары мен туыстарын қорғауда. Әлеуметтік қызметкер алдында ол міндеттермен қоса, қызметтік парыз тұр.

Covid-19 қарттар үйінде оңай таралады және осы мекемелерде тұратын қарт адамдардың (тұрғындар) ауру туындаған кезде өлім қаупі жоғары. Сондықтан тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көп көңіл бөлінуі тиіс. Қарттар үйінде карантиндік шараларды енгізіп, жеке басын қорғайтын құрылдарды қолданумен қатар, келушілерге шектеулер енгізілді. Олардың ендігері сырттан келетін волонтерлік ұйымдармен, түрлі үйірмелік іс-шараларды жүргізетін шығармашыл адамдармен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы қиындады. Пандемиямен күресудің ұлттық стратегиясы болмағандықтан, қоғам да, қарттар үйлері де COVID-19-дан қатты зардап шекті.

Әлеуметтік қызметкерлер отбасылық қолдау мен қамқорлықтың қажеттілігін жіті түсіне біледі. Отбасымен қажетті қарым-қатынасты алмастыра алмаса да, әлеуметтік қызметкер жақсы дайындықтың арқасында жоғары сапалы әлеуметтік көмекті көрсетуге дайын. Эмоционалды қолдауды қамтамасыз ете алатын, сапалы әлеуметтік жұмысты қамтамасыз етуге дайын білікті әлеуметтік қызметкерлер толыққанды мемлекет қолдауына ие болуы тиіс.

Шетелдік басылымдарда қарттар үйінің стандарттарына сәйкес әрбір 120 адамдық қарттар үйі кем дегенде бір білікті әлеуметтік қызметкермен қамтамасыз етілуі тиіс делінген. Білікті әлеуметтік қызметкер - әлеуметтік жұмыс саласында қажетті білім мен біліктілікпен қамтамасыз етілген адам. Оның әлеуметтану, геронтология, оңалту, психология, сонымен қатар медицина саласында білім болғаны күтіледі. Дегенмен, кәсіби біліктілік ісін әлеуметтік қызметкер тәжірибе барысында толықтырып отырады.

Қарттар үйінде тұрғындардың жоғары әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қызметкерлер әлеуметтік, психологиялық, физикалық және рухани жетілудің динамикалық өзара әрекеттесуін қамтамасыз ете алуы қажет. Әлеуметтік қызметкер үнемі тұрғындардың әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін факторларды білуі керек және мүмкін болса, бұған жол бермеуі керек. Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкер мекеме ұжымының барлығымен, олардың отбасыларымен және достарымен өзара әрекеттесуі керек. Өйткені, ұзақ тұратын жаңа ортаға бейімделуі үшін қарт адамға осылардың барлығы қажет. Бейімделу факторларының мүмкіндіктерін кеңейту үшін әлеуметтік қызметкер қарт адамның жеке басының ерекшеліктерін ескерумен қатар, әлеуметтік ортасының сапасын да зерделейді.

Әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы ұтымды мемлекеттік саясатты қалыптастыру қарттар үйін қажетті көмекпен қамтамасыз етудің негізгі арнасы. Білікті әлеуметтік қызметкерді даярлау ісі басқа мамандықтарды дайындаумен қатар жүруі қажет. Жоғары әлеуметтік қолдауға ие болған әлеуметтік қызметкердің алдына жоғары талаптарды да қоға болады.

Әлеуметтік қызметкердің қарттарға әлеуметтік көмек көрсету ісіндегі рөлін анықтау үшін оның алдына қойылатын талаптарды анықтаған жөн. Әлеуметтік қызметкер ең лдымен әр адамның құндылығы мен бірегейлігін түсінуі, әр адамға құрметпен қарауы, Егде жастағы адам үшін жаңа ортада даму мүмкіндігін ашуы, әлеуметтік жүйенің жұмысына қарт адамға қажетті психологиялық, физиологиялық

және рухани қолдауды қосуы, қарт адамның Тәуелсіздігін мойындай отырып, мекеме тәртібіне бағыну мінез-құлқын қалыптастыру қажет.

Әлеуметтік қызметкерлердің қарттар үйінің тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқаратындығын мемлекеттік деңгейде жіті түсінудің маңыздылығы әлеуметтік көмектің сапасына тікелей әер етеді. Әлеуметтік қызметтер мен тұрғындардың өмір сүру сапасы арасында тығыз байланысты болғандықтан, қарттар үйіндегі әлеуметтік қызметтердің рөлі туралы білімді кеңейту маңызды. Нормативтік құжаттар арқылы бекітілген әлеуметтік қызметтер стандарттарының қарттар үйінде толыққанды көрсетілуі әкімшілік пен әлеуметтік қызмет ұжымының міндетінде. Қарттар үйіндегі әлеуметтік жұмыстың рөлін түсіндіру ғылыми тұрғыда терең зерттелуі тиіс. Өйткені, ол тұрғындардың, мемлекеттің және әлеуметтік қызметкерлердің арасындағы қатынасты анықтау арқылы, өзгертілуі тиіс жағдайларды дер кезінде анықтауға мүкіндік береді.

Пікірталас

Қарттар үйіндегі әлеуметтік қызметтердің рөлі туралы ондағы тұрғындарға күтім жасау, отбасы мен басқа қызмет салаларымен қатынас орната алу қабілеті жағынан, кәсіби білім мен кәсіби дайындық деңгейі арқылы сипатталуы керек. Тәуелсіздік кезеңінен бергі уақытта қарттар үйіндегі көрсетілетін әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қызметкердің бейімделу үдерісіне тікелей ықпалы туралы мақсатты зерттеулер жүргізілмеген. Көптеген ғылыми зерттеулер жалпы әлеуметтік қызмет пен оның қарттар өміріндегі роліне ғана арналып жазылды.

Автордың зерттеуіндегі тақырып өзектілігі енді ғана жоғары деңгейде қарастырылуда. Қарттар үйіндегі әлеуметтік қызметтердің реті мен рөлін қамтитын мемлекеттік органдар есептерінің маңыздылығы жоғары болғанымен, бар деңгейді жақсартуға үлес қоспаған. Бұл зерттеу ерекше, өйткені ол қарттар үйіндегі әлеуметтік қызметтердің рөлі туралы түсінік береді.

Қорытынды

Әлеуметтік қызмет көрсету мәселесіне арналған ғылыми мақала соңында қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұрғылықты тұрып жатқан егде жасындағы адамдардың осы типтік мекемелерге бейімделу қиыншылықтарын шешу мәселесіне қатысты кейбір ұсыныстарды атап кетуді жөн санадым. Алдымен, мекемеге жаңадан келіп түскен тұрғындар мен жергілікті тұрғындар арасында қарым-қатынастың жақсаруын қамтамасыз ету мақсатында мекемеден тыс жерлерге бірлескен экскурсия ұйымдастыру. Яғни егде жасындағы адамдардың бос уақытын түрлендіру. Келесі ұсыныс қарт адамдардың медициналық көмекке жиі жүгінуіне байланысты, оның сапасына байланысты. Яғни ем қабылдайтын бөлмелердің жоғары стандарттарға сай болуы, медициналық препараттардың тегін болуы және персоналдық кәсіби біліктілігінің жоғары болуы қажет. Емшара қабылдау бөлмесіне кіретін кез-келген адамның жүрегінде үлкен үрей тұрады. Алайда қарттарды мекемеде жылы қабылдау, бөлменің жоғары технологиялық жабдықтармен жабдықтауы олардың сенімін арттырады. Физиологиялық тұрғыда денсаулығына байланысты ерекше күтімді қажет ететін қарттарға санаторилерде орын қарастыру мәселесі де басты назарда болған жөн. Осыған қатысты квота мен қаржылық көмек мемлекет тарапынан 100 пайыз қамтамасыз етілуі тиіс.

Кәрілік ертелі кеш барлық адамдардың табалдырығын аттайды. Сондықтан да қоғамның әрбір мүшесінің қартайған шағында қандай жағдайда өмір сүретіндігі әрбір азаматқа байланысты. Қарт адамдардың құқығын қорғау саласында қажетті заң актілерін қабылдап, оларды қолданысқа енгізбесе, кәрілік шақта тәуелділік сезімі әрбір адамға келеді. Бұл жағдайда тек өзіміз өсіріп тәрбиелеген ұрпақ тарапынан көрсетілетін жақсы қарым-қатынас қана қарттар үйінде соңғы күндерімізді көруден сақтап қалады.

Қазақстан Республикасында қарттарға қатысты тиімді заңнама базасының құрылуы келесі мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді:

- 1) медициналық-әлеуметтік мекемелерде егде жасындағы адамдарға көрсетілетін әлеуметтік көмектің сапасын жақсарту және олардың әлеуметтік оқшаулануына жол бермеу;
- 2) қартаю шағына аяқ басқан барлық адамдар тобының өмір ұзақтығын қамтамасыз ету арқылы халық санын ұлғайту;
- 3) қарттардың белсенділігін арттыру және ол арқылы балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру;
- 4) қарт адамдардың өз құқықтарын білу мақсатында олардың құқықтық мәдениетін арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндеті атқарушының 2005 жылғы 1 желтоқсандағы «Әлеуметтік қызмет көрсетудің Үлгілік ережелерін бекіту туралы»*

N 306-ө бұйрығына толықтырулар және өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі N 240- Бұйрығы.

2. Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 мамырда № 11038 тіркелді. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011038>

3. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105>

4. Ардагерлер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 6 мамырдағы № 322-VI ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000322>

5. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000039>

6. Арстанбекова М.А. Дома престарелых как стационарное учреждение для медико-социального обслуживания пожилых людей в Киргизской Республике / М.А. Арстанбекова, З.А. Айдарова, С.М. Маматова, Н.А. Токтогулова. Бюллетень науки и практики. Т.5. №5. 2019

7. Бейсбекова А.К. Особенности питания пожилых людей во всем мире и в Казахстане / А.К.Бейсбекова, А.Б. Омарова, Г.К. Датхабаева. Вестник КазНМУ №1-2017. – С. 459-462

8. Щанина Е.В. Организация досуга пожилых людей \ Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Общественные науки. №4(28), 2013. – С.149-157

References:

1. Prikaz Ministra truda i social'noj zashchity naseleniya Respubliki Kazahstan ot 30 iyulya 2009 goda N 240-P «O vnesenii dopolnenij i izmeneniy v prikaz ispolnyayushchego obyazannosti ministra truda i social'noj zashchity naseleniya Respubliki Kazahstan ot 1 dekabrya 2005 goda N 306-o «Ob utverzhdenii Tipovyh pravil okazaniya social'nyh uslug».

2.Prikaz Ministra zdravoohraneniya i social'nogo razvitiya Respubliki Kazahstan ot 26 marta 2015 goda № 165 «Ob utverzhdenii standartov okazaniya special'nyh social'nyh uslug v oblasti social'noj zashchity naseleniya». Zaregistririvan v Ministerstve yusticii Respubliki Kazahstan 13 maya 2015 goda № 11038. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011038>

3.Zakon Respubliki Kazahstan ot 21 iyunya 2013 goda № 105-V «O pensionnom obespechenii v Respublike Kazahstan». <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105>

4. Zakon Respubliki Kazahstan «O Veteranah» ot 6 maya 2020 goda № 322-VI ZRK. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000322>

5.Zakon Respubliki Kazahstan ot 13 aprelya 2005 goda N 39 «O social'noj zashchite invalidov v Respublike Kazahstan». <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000039>

6. Arstanbekova M. A. Stacionarnoe uchrezhdenie dlya mediko-social'nogo obsluzhivaniya postradavshih lyudej v Kyrgyzskoj Respublike / M. A. Arstanbekova, Z. A. Ajarova, S.M. Mamatova, N.A. Toktogulova. Byulleten' nauki i praktiki. T. 5. №5. 2019

7. Bejsbekova A. K. Osobennosti pitaniya umershih lyudej vo vsem mire i v Kazahstane / A.K. Bejsbekova, A. B. Omarova, G. K. Dathabaeva. Vestnik KazNMU №1-2017. – S. 459-462

8. SHCHanina E. V. Organizaciya dosug pozhilyh lyudej \ Izvestiya vysshih uchebnyh zavedenij. Povolzhskij region. Obshchinnye nauki. №4(28), 2013.S. 149-157.